

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1 (1) қаңтар-наурыз 2014

ISSN 2710-3994



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми
журнал

2014, № 1(1)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2014, № 1(1)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2014, № 1(1)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Басредактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год
(в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚТАР МЕН ЖАПОНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЫРЫМ-ТИЫМ, РӘМІЗДЕР, СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Камалов А.К.^{1*}, Сауданбекова Ш.Т.²

¹Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (Алматы қ., Қазақстан)
тарих ғылымдарының докторы, профессор

*Автор-корреспондент

² Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (Алматы қ., Қазақстан)
2 курс Phd докторанты

Аңдатпа. Бұл мақалада адамдардың өмірінде, салт-дәстүрін және әдет-ғұрыптарын, халықтың мәдениетін зерттеп, ұмыт бола бастаған дәстүрлерді қайта жаңғырту мақсатында қазақ халқы мен жапон ұлтының мәдени семиотикалық ұқсастықтары мен ерекшеліктері салыстырылып жазылған. Мақала ұлт мәдениетінің нәрімен сусындып, адами асыл қасиеттер үлгілерімен танысып, санасына сіңіруге септігін тигізуге бағытталған.

Түйін сөздер: Мәдениет, ұлт, халық, ұлттық мәдениет, дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным.

СУЕВЕРИЯ И ОБЫЧАЙ В НАЦИОНАЛЬНОМ МИРОВОЗРЕНИИ КАЗАХОВ И ЯПОНЦЕВ. СЕМИОТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Камалов А.К.^{1*}, Сауданбекова Ш.Т.²

¹ Институт Востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (г. Алматы, Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор

*Автор-корреспондент

² Институт Востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (г. Алматы, Казахстан)
магистрант 2 курса

THE RITUAL CULTURE OF KAZAKH AND JAPANESE IN NATIONAL WORLDVIEWS. SEMIOTIC ANALYZE

Аннотация. Рассмотрение культурного контекста формирования эстетических представлений помогает более адекватно и глубоко понять специфику традиционной культуры нации. В данной статье в целях возрождения, забытых традиций были рассмотрены семиотические, схожие черты и особенности культур казахского и японского народов путём исследования традиций и культурного наследия Казахстана, и Японии.

Ключевые слова: Культура, этнические, народные, национальные культуры, традиции, обычаи и мировоззрение.

Kamalov A.K.^{1*}, Saudanbekova Sh.T.²

¹ R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, (Almaty, Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor

*Corresponding authors

² R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, (Almaty, Kazakhstan)
2-nd year Master's Student

Abstract. In this article we'll give some information about Japanese and Kazakh cultural and traditional values. In order to save national, cultural values and identities of every nation we need to understand that every person should protect and try to save cultural, traditional, spiritual values, keep traditions of their ancestor.

Keywords: Culture, ethnic, folk, national cultures, traditions, customs and worldview.

Kіpіcne

Рухани, мәдени мұраларды тарихи салыстырмалы тұрғыдан зерттеу арқылы, қазақ қоғамының тарихи-өркениеттік дамуындағы рухани дәстүрдің сабақтастығын және қоғамдағы тұтастырушылық орнын анық бағамдауға болады.

Адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде жиі қолданылатын дәстүрлі әдет ғұрыптары, салт дәстүрі, ырымдар мен тиымдар, наным сенімдер – рәміздер арқылы дана халқымыздың әрбір тұтынған мүлкі мен заттарын мағыналандырып киелілік, қасиеттілік сипат дарытқаны, олардың әрқайсысына терең мән бере тұрып, әрбір қолданған сәтінде ғибрат алуға ұмтылғаны көрінеді. Осы құнды жәдігерлер біздің дәстүрлі мәдениетіміздің терең мазмұнынан, діліміздің сырлы әлемінен хабар беріп, әрқайсымыздың жүрегімізден терең тамыр алатын ел-жұртымызға, туған халқымызға, төл мәдениетімізге сүйіспеншілігімізді қозғайтыны, өткеніміз бен бүгініміз арасында жанды байланыс түзетіні хақ.

Бүгінгі заманымызда әрбір халық, кез келген ұлт ежелден келе жатқан, ұмыт бола бастаған өз ата баба дәстүрлерін, ұлттық дүниетанымын сол қалпында сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді өздеріне міндеті санайды. Осыған байланысты адамзат тарихында барлық адамдардың өмірінде, салт-дәстүрін және әдет-ғұрыптарын, халықтың мәдениетін зерттеп, ұмыт бола бастаған дәстүрлерді қайта жаңғырту қажеттіліктері туындап отырған заманда қазақ халқының басқа ұлттармен мәдени семиотикалық ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстырып зерттеу өте бір қызықты тақырыпқа айналып, бірнеше мыңдаған жылдар бойы әлемнің әртүрлі мыңдаған халықтар жайлы мағлұматтар жинау жалғасып жатыр.

Жеке тұлға адам өмірінің мәнмен толығыуы ол өмір сүріп отырған қоғамның, қоршаған мәдени ортаның, жалпы адамзат өркениетінің мәнге ие болуына негіз болған. Рәміздік мәнге ие жәдігерлерді зерттеу арқылы адамның қоршаған ортасын, тұрмыс салтын, қоғамды, мәдениеті мен әдет-ғұрпын, бүкіл болмысын уақыт пен кеңістіктің ауқымына симайтын рухани әмбебап мәнділіктермен толтырғанын көреміз. Рәміздердің образдық сипаты адамдардың эстетикалық санасына ықпал етеді. Бұдан біз адамзаттың қоғамдық өмірінде рәміздердің ерекше орын алатынын байқаймыз. Рәміздің бұл ерекше сипаты шындықтың реалистік бейнесінің жалпы міндетіне байланысты дүниетаным ретінде сипатталады. Рәміздердің мәні дерексіз идеялармен ғана байланысты емес, сонымен қатар эмоциялық жан толқынысымен, эстетикалық көріністермен де тығыз байланысты. Осы қасиеттердің нәтижесінде терең жүзеге асқан рәміздің мазмұнға бай мәні адамдардың іс-әрекеті мен ұмтылыстары, ойларының шоғырлануына септігін тигізеді. Кейде олар айрықша маңызды ұлы оқиғаларда, тарихи процестерде қозғаушы күштердегі рәміздер ретінде қолданылады. Ал рәміздің қызметі терең дүниетанымдық мағынасымен ерекшеленіп, бірқатар қасиеттерден тұрады. Оны тіл мен мәдениеттің байланысын анықтап, оның семантикалық шексіздігі, семиотикалық бейнелілігі, құрылымының күрделілігі адамға деген әсері мен эмоцияға бейімділігімен анықтай аламыз. Екі ауыз сөздің, біртұтас мәтін бола алу қабілеті бар, ол үшін оның мәніне терең бойлауды қажет етеді. [1, 189 б.].

Тіл мен мәдениет қатынасының маңыздылығы мәдени зерттеулер (cultural studies) ғылымы арқасында ең жоғарғы деңгейге жетті. Шындығында, тіл мен мәдениет ұғымы қашан да егіз ұғым болып табылатыны және олар бірін-бірі толықтырып отыратын құбылыс екені қашаннан да белгілі еді. Академик Ә. Қайдардың анықтамасымен айтсақ: «Мәдениет танып-білудің құралы – тіл» немесе «Кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не

ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы жетіп келуі мүмкін» деген пікірлері де дәлел бола алады [2, 123 б.]. Алайда тіл мен мәдениеттің өзара етене байланысы, өзара тәуелділігі ғылыми тұрғыда тек XX ғасырдан бастап ғана ғылыми түрде зерттеле бастады.

Осы зерттеулер барысында семиотикалық зерттеулердің маңызы жоғары десек болады.

Чарльз Моррис семиотика ғылымын білімнің энциклопедиясына 1938 жылы қосып, «Таңбалар негізі туралы ілім» («Основы теории знаков») атты еңбек шығарады. Бұл еңбек жаңа ғылымның дамуына үлкен қарқын береді. Ол адамның ақыл – ойы белгі, таңба арқылы туындайды және семиотика ғылымның адаммен үндесуін ретке келтіреді деп есептеген. Моррис семиотикаға «метабелгі» («метазнак») түсінігін енгізеді ол – таңбаны белгілейтін таңбалар яғни бір таңба белгілі бір ойды емес бірнеше ойды білдіреді деп есептеген. «Таңбалар негізі туралы ілім» кітабындағы «Таңбаның табиғаты» бөлімінде Моррис айтады: «Таңба қызметін атқаратын процессті семиозис деп атар едім. Таңба белгіленген ойды емес, белгілі бір құпияны жасырады ол құпия салт-дәстүр немесе астарлы оймен байланысты болады. Демек таңба мен белгі белгілі бір нәрсеге емес белгілі бір мақсатта жасалады». Морристің айтуына қарасақ дүниеге келгеннен бастап, қайтыс болғанша адам таңбалардың ортасында өмір сүреді. Таңбасыз адам өмірі мағынасыз болады және де таңба адам мінезінің қалыптасуына әсер ететін семиотика адам өмірімен, ғылым саласында маңызды. Таңба туралы классикалық семиотика анықтамалардың бірінде. Таңба – белгілі бір зат немесе белгілі бір құбылыс [3, 128 б.].

Таңба мәдениетінің қасиетін алғаш рет байыпты зерттеген Э. Кассирер болған. Ол мәдениетті зерттеудегі семиотикалық концепциясының негізін қалады. Кассирердің ойынша адам өміріндегі барлық қызметте рәміздік мағына бар. Бұл теориядан қалыптасатын ой, адам өмірінің мәні символдардан тұрады. «Философия символических форм» еңбегінде ол мифология мен дінді, ғылымды мәдени – символикалық жүйе ретінде қарастырады [4, 131 б.]. Мәдени семиотикалық бағыттың негізін қалаушылардың бірі Ю.М. Лотман. Ол мәдениеттегі таңбалар жүйесін «семиосфера» деп атап, глобальды сипат берді. Негізгі мәдениетіндегі әлеуметтік ролді семиотикалық емес ұжым зердесі ретінде сақтап және жалғастыратын жиналмалы тәжірибе деп атады. Таңба – заттың мағына беретін, іс-әрекет пен өзіне тән мінезділік пен адам айналасындағы дүние. Таңба ол - рәміз, материалды құбылыс, көрнекті бейне мен формада абстракті ой мен түсінік береді [5, 253 б.]. Рәміз – ол ерекше мақсаттылықты туғызады. Көбіне рәмізде жоғарғы рөлді құндылық атқарады. Рәміз бен адам, мәдениет пен қоғам, табиғи құбылыс бір – бірімен тығыз қарым-қатынаста. Мысалы Құран – барлық мұсылман елдерінде қасиеттілік пен киелілік символы болып табылады немесе «крест» ол христиан дінде Иисус христостың өлімімен және күнаден тазару мен тығыз байланысты. Жоғарыда қарастырғандай демек символ мифологиямен, дінмен, салт-дәстүр, әдет- ғұрыппен тығыз байланыста.

Әрбір халықтың рухани мәдениетін аксиологиялық талдау оның этностық бірлік ретіндегі өмірінің ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық көркемдік сананы анықтаудағы, «этностың рухани мәдениеті», «халықтың эстетикалық мәдениеті» ұғымдарының мазмұнын ашудағы көптеген әдіс тәсілдердің болуы бұл тақырыптың аяғына дейін айқындалып бітпегенін көрсетті. Осы мәселені шешудің бірден бір жолы – жаңа әдіснамалық тұрғыны және концепцияны қолдану. Бұл өз кезегінде зерттеушіден белгілі бір дүниетанымдық бағыттары мен стереотиптерін өзгертуді талап етеді. Осы ретте салыстырмалы зерттеу әдісін қолданып, сонау қиыр Шығыста жатқан Жапон халқының

дәстүрлі мәдениетінде қалыптасып, күні бүгінге дейін келе жатқан ырым тиымдары мен наным сенімдерінің біразын қазақ тілімен салыстырып көрсек.

«Жұмбаққа толы Жапония» деген түсінік қалыптастырған, әлі күнге дейін қыр сыры толық ашылмай, өз ерекшелігімен әлемді таңқалдырып, мойындатып келе жатқан мәдениеті, тұрмыс тіршілігінде өзге елдерге ұқсамайтын өзіндік қыр сыры бар. Жапон елінің қазақ халқына ұқсас тұстарының бірі ырым-тиым наным-сенімдерінде екенін байқай аламыз.

Жапон халықтары да қазақ халқы сияқты өте ырымшыл халық болып есептеледі. Сол ырымдар мен тиымдардың мән мағынасына көңіл бөлместен, оның ғылыми тұрғыдан зерттеліп анықталмағанына қарамастан оған сене беретіндер өте көп.

Мысалы дана халымыз нанның қиқымын жеген бала бай болады, нанды бір қолымен үзбейді, нан үстіне зат қоймайды нанды басуға болмайды; нанды дастарқанға теріс қарата төңкеріп қоюға болмайды; нанды затпен шаншып жеуге болмайды деген сияқты толып жатқан ұстанымдар бар. Бұл ұстанымның ұрпақты ұқыптылыққа тәрбиелейтін маңызы өз алдына, көшпелі ортада «нан табудың» үлкен еңбекпен болатындығын, «Ас – адамның арқауы» деп тамақтың, әсіресе нанның қадір қасиетін ұғындыруға рәсімделген көрінісі болса керек [6, 134б.].

Жапондықтар да қазақтар сияқты тамаққа, асқа оған қолданылатын ыдыстар мен қосылатын заттарға ерекше көңіл бөлген. Жапон халқында нан орнына пайдаланып, барлық тамақтарына қосып жейтін күрішке қатысты ырымдар мен тиымдар өте көп кездеседі екен. Мысалы үйдің ішіне күріш шашылса жамандыққа жорылады. Сондықтан күрішті қалай болса солай шашуға тиым салынады. Сондай-ақ күрішке тамақ жейтін таяқшаны тігінен шаншып қоюға болмайды. Өйткені, адам қайтыс болған кезде елдерге таратылатын күріштің үстіне таяқшаны шаншып беретін болған, сондықтан, басқа кезде күріштің үстіне шаншылған таяқша жамандықтың белгісі саналады. Басқа да күрішті таяқшамен ұсынуға болмайды; түнде беті ашық қалған күрішті жеуге болмайды деген сияқты ырым-тиымдары арқылы бұл халықтың күрішке деген қадір қасиетін ұғына аламыз [7, 64 б.]. Түнде тамақтың бетін жауып қояды. Ашық қалса, жаман, зұлым күш қонып, асты дуалап кетеді, оны жеген адам кеселге ұшырап, ұшынып, дерт жабысуы мүмкін деген түсінік жапон халқында қазақ халқында да қалыптасқан екен.

Халқымызда ежелден аластау, ұшықтау ырымдары бар екендігін білеміз. Мәселен кейбір апа-әжелеріміз «үй жайды бәле-жаладан» сақтау ниетімен табаға арша салып, оған от тұтатып, түтінмен үйді аластап жатады. Немесе ауырған адамды құран оқылған сумен, тұзды сумен ұшықтап, жас нәрестелерді тұзбен күлмен «аштап» жатады. [8, 161 б.]. Жапон халқында да «тазалау» мақсатында тұзды көп қолданылады екен. Мысалы: адам қайтыс болып, шығарған үйдің ішін тұзды сумен жуып шығады.

Ол сол адамның артынан осы үйдегі барлық жамандық кетсін деген түсінікпен жасалатын ырым екен [7, 81 б.]. Тұзды жерге шашуға болмайды (дәм шамданады, ас азаяды, ырыс төгіледі және жерге түскен тұз еріп сіңгенше тұз төккен адам тіршіліктің ащы дәмін татады-мыс) деген түсініктер екі халықтың да ұстанымында бар. Осы жерде ескеріле кететін бір қызықты жайт қазақ халқында тамақты «сораптап», «сылпылдатып» ішу әдепсіздіктің, ауыз толтыра тамақ жеу қомағайлықты білдіретін ұят нәсre болып есептеледі. Ал жапон халқында әсіресе қонақта отырғанда тамақты «сораптап», «сылпылдатып» дауыс шығарып ішу әдеттегі қарапайым нәрсe. Тамақты бұлай ішу, ауыз толтыра қомағайлана шайнау ол сол үйдің тамағының дәмді екендігін білдіретін ұғым болып қалыптасқан. Тамақты бұлай жемеген қонақ үй иелеріне бұл үйдің тамағы ұнамай қалды деген түсінік қалыптастырады [9, 102 б.].

Жапондықтар және қазақ халқы жақсы ұстанатын дәстүр жасы үлкен адамнан бұрын тамаққа қол салу әдепсіздіктің белгісі. Қонақжайлық салты бойынша шөлдегенге су бермеген жаман ырым. «Жолаушының азығы жолда» деген ежелден орныққан дәстүрге берік

қазақ үшін бұл үлкен қателік болып есептелінді. Жапондықтардың үйге келген адамға бірінші су ұсынатындығы да екі елдің ұқсас дәстүрлерінің бірі [9, 126 б.].

Аталған ырымдардан басқа «Түнде тырнақ алуға болмайды», «Тырнақты қалай болса солай тастауға болмайды» деген ерте кезден қалыптасқан тиым бар. Екі халықтың да түсіндірме сөздіктерінде жазылған анықтамаларға сүйенсек ерте кезде бір бөлмеде жатып, сол бөлмеде ас әзірлеп, тамақ ішетін қазақтардың киіз үйі сияқты жапондықтар да бір бөлмелі дәстүрлі үйлерінде тұрған. Қараңғыда тырнақ алғанда тырнақ ұшып тамаққа немесе тамақ ішетін ыдыстарға түсуі мүмкін деген тазалыққа шақыратын түсініктеме береді [9, 112 б.].

«Үйдің ішінде ысқыруға болмайды», «Үйге жылан кірсе басына ақ құю» деген сияқты мағыналары мен қолдану түсініктері де ұқсас ырымдар екі елде де кездеседі. Мысалы халқымыз жылан көрсе басына ақ құяды [8, 110 б.]. Жапондықтар алдына күріш шашады екен [9, 118 б.]. Екі ұлттың да ұлттық көзқарасы мен дәстүрлі түсінігінде «ақ» ұғымы ақ сүт, ақ күріш қасиеттілік пен киені білдіретін ұғымдар.

Халқымызда жеті, тоғыз сандары киелі сандар саналса жапондықтар үшін төрт және жеті сандары ең жағымсыз түсінік қалыптастырады. Төрт және жеті сандарының иероглифтік оқылуы «ши» - өлім деген мағына беретін болғандықтан көптеген жапондықтар осы сандарды қолданбауға тарысады.

Салт-дәстүр дегеніміз адам қажеттілігін өтейтін барлық материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтардың тоғысы. Осы арқылы кез келген ұлт пен елдің ұлттық дүниетанымын өмірдегі ұстанымдарын, көзқарастарын анықтаймыз. Қазақ халқы да жапондықтар да аталмыш ғұрыптардың, наным-сенімнің, ырымдардың, тыйымдардың және жосын-жоралғылардың адамдардың социумға жат қылықтары мен іс-әрекетін шектейтін сан алуан функциясы оларды қоғамдық тіршілікті ұйымдастыратын және реттейтін институционалдық қатынастың маңызды элементтері ретінде қолданып, ұстанғанын айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Иванов В. В. Избранные труды по семиотике и истории культуры. – М.: Наука, 2004. – С. 189.
2. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – С. 123.
3. Моррис Ч. Основания теории знаков. Семиотика. – М.: Наука, 1983. – С. 128.
4. Кассирер Э. Семиотика значение знаков. – М.: Наука, 1992. – С. 131.
5. Лотман Ю.М. Семиотика и культура. – М.: Наука, 1985. – С. 253.
6. Керімбай С., Бопайұлы Б., Нәби Ә. Салт дәстүр сөйлейді. Отбасы хрестоматиясы. – Алматы: Орхон баспа үйі, 2014. – 134-142-бб.
7. Folk religion in Japan : continuity and change(Haskell lectures on history of religions : New series:1 Tokyo Nippon 2010 – P. 64-81.
8. Ғабитханұлы Қ.,Токтақынұлы Ж. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы.: Өнер, 2011. – 110,161-бб.
9. 「日本文化論」の変容—戦後日本の文化とアイデンティティー (中公文庫). 1999 – P. 102-126.

МАЗМҰНЫ

Атығаев Н. МОҒҰЛДАРДЫҢ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫ (МЫРЗА МҰХАММЕД ХАЙДАРДЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ» МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША).....	8
Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАШАЙ ЖӘНЕ БАЛҚАР ЭТНОСЫНЫҢ САНЫ МЕН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУЫ.....	16
Бейсенов А. САРЫАРҚА – КӨНЕ МӘДЕНИЕТ ӨЛКЕСІ.....	25
Бейсенов А., Жұмабекова Г., Базарбаева Г. САҚ ДӘУІРІНДЕГІ САРЫАРҚА ТАЙПАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІ.....	32
Белоус Г.С. О.А. ШКАПСКИЙ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ.....	37
Досанова Р.Ш. Н.Ә. НАЗАРБАЕВ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ГЕНЕРАТОРЫ.....	50
Досанова Р.Ш. ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖӘНЕ ОНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМА БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....	56
Есімова Ж.Қ. ТЫҢ ИГЕРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОС ТІЛ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....	60
Есімова Ж.Қ. АЛҒАШҚЫ ТЫҢ ИГЕРУШІЛЕРДІҢ МӘДЕНИ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	74
Жеңіс Ж., А. Дияб Н. ИРАНЫҢ ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЫҒАНАҚ ЕЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ РОЛІ.....	85
Жеңіс Ж., М. Атик Султан К. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН СОҢҒЫ ИРАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА РУХАНИ-МӘДЕНИ ЫҚПАЛЫ.....	91
Иембекова М.О. СИРИЯДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТЫ РЕТТЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАТЫСЫ.....	97
Исламбекқызы Ж. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНА 1960-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ҚОНЫС АУДАРҒАН ОТБАСЫЛАР.....	105
Исова Л.Т. ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚТЫҢ ГЕОСАЯСИ ӨЛШЕМДЕРІ.....	110
Исова Л.Т. ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢДІК ЖҮЙЕСІ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК АФРИКА МЕН ТАЯУ ШЫҒЫС МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....	119
Исова Л.Т. СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ ҚАЗАҚ-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАСЫМ- БАҒЫТТАРЫ.....	127

Калемшариев Е. «МОҢҒОЛ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ЖАЗЫЛҒАН УАҚЫТЫ ЖАЙЛЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПІКІР ТАЛАСТАРЫ.....	136
Камалов А.К., Сауданбекова Ш.Т. ҚАЗАҚТАР МЕН ЖАПОНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЫРЫМ-ТИЫМ, РӘМІЗДЕР, СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	141
Картаева Т.Е. ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ФОТОДЕРЕКТЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	146
Қилыбаева П.Қ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ДАМУЫ.....	155
Қилыбаева П.Қ., Нұрсұлтанова Л.Н. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ СУ МӘСЕЛЕСІ: САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	163
Күзембаева Ә.Б., Байкушикова Г.С. ИЗРАИЛЬДІК ЛОББИЗМНІҢ АҚШ-ТЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒЫТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЫҚПАЛЫ ЖӨНІНДЕ.....	172
Күзембай С.А. АБЫЛАЙ ХАН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АЗАТТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ («МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ МӘСЕЛЕСІ АЯСЫНДА).....	178
Құрманбаева Қ.С. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАРДЫҢ АРЫЗ-ШАҒЫМДАРЫ ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ (XX ғ. 20-30 жж.).....	184
Мақашева К.Н., Сейдахметова А.А. ОҢТҮСТІК АФРИКА РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АПАРТЕИД ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САЯСАТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....	189
Мақашева К.Н. ҚАЗАҚСТАН-ФРАНЦИЯ: ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕДЕ.....	199
Мейрманова Г.А., Жандыбаева С.С. ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	208
Мурзаходжаев Қ.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘДИДТІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	215
Нұрғазықызы Д. ЗИЯТ ШӘКӘРІМҰЛЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТКЕН ФАКТОРЛАР.....	223
Рахимова А.А. СЕМЕЙ ҚЫЗДАР ПРОГИМНАЗИЯ МЕН ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (1856-1917 ж.ж.).....	231
Серікқызы А. ХІХ-ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ- АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	243
Хайрулдаева А. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ХИУА ЖӘНЕ ҚОҚАН ХАНДЫҚТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА.....	249

Хорват В.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ АРЖАН ТИПТЕС ҚОРҒАНДАРЫН ЗЕРТТЕУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ.....256

Шалагин А.В.

IV-XII ҒАСЫРЛАРДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДА ХРИСТИАНДЫҚТЫҢ
ЕНУІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ КӨЗДЕРІ (КЕЙІНГІ АНТИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ,
ОРТАҒАСЫРЛАР).....267

СОДЕРЖАНИЕ

Атыгаев Н. ИСЛАМИЗАЦИЯ МОГУЛОВ (ПО СВЕДЕНИЯМ «ТАРИХ-И РАШИДИ»МИРЗА МУХАММАД ХАЙДАРА).....	8
Бейсегулова А. ЧИСЛЕННОСТЬ И ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАРАЧАЕВСКОГО И БАЛКАРСКОГО ЭТНОСА В КАЗАХСТАНЕ.....	16
Бейсенов А. САРЫАРҚА – КӨНЕ МӘДЕНИЕТ ӨЛКЕСІ.....	25
Бейсенов А., Джумабекова Г., Базарбаева Г. ХУДОЖЕСТВЕННАЯ КУЛЬТУРА НАСЕЛЕНИЯ САРЫАРКИ В ЭПОХУ САКОВ.....	32
Белоус Г.С. О.А. ШКАПСКИЙ ОБ АГРАРНОЙ ПОЛИТИКЕ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	37
Досанова Р.Ш. Н.А. НАЗАРБАЕВ ГЕНЕРАТОР ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ».....	50
Досанова Р.Ш. НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ "МӘҢГІЛІК ЕЛ" И ЕЕ РЕАЛИЗАЦИЯ ПО ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЙ РЕФОРМЕ.....	56
Есимова Ж.К. ЭТНОЯЗЫКОВЫЕ ПРОЦЕССЫ В УСЛОВИЯХ ДВУЯЗЫЧИЯ В ПЕРИОД ЦЕЛИНЫ.....	60
Есимова Ж.К. КУЛЬТУРНО-БЫТОВЫЕ УСЛОВИЯ ЖИЗНИ ПЕРВОЦЕЛИННИКОВ.....	74
Женис Ж., А. Дияб Н. РОЛЬ ИРАНА В ОТНОШЕНИЯХ КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ЗАЛИВА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	85
Женис Ж., М. Атик Султан К. ДУХОВНО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЛИЯНИЕ ИРАНА В КАЗАХСТАН ПОСЛЕ НЕЗАВИСИМОСТИ.....	91
Иембекова М.О. ДИПЛОМАТИЧЕСКОЕ УРЕГУЛИРОВАНИЕ КОНФЛИКТА В СИРИИ И УЧАСТИЕ В НЕМ КАЗАХСТАНА.....	97
Исламбеккызы Ж. ПЕРЕСЕЛЕНЦЫ В ДЖАЛАГАШСКИЙ РАЙОН КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1960 ГОДАХ.....	105
Исова Л.Т. ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ ИЗМЕРЕНИЯ ЕВРАЗИЙСТВА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	110
Исова Л.Т. ГОСУДАРСТВА СЕВЕРНОЙ АФРИКИ И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА НАКАНУНЕ НОВОЙ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ.....	119
Исова Л.Т. СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ ҚАЗАҚ-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАСЫМ-БАҒЫТТАРЫ.....	127

Калемшариев Е. ТЕОРИИ УЧЁНЫХ О ВРЕМЕНИ СОСЛОВИЯ «СОКРОВЕННОГО СКАЗАНИЯ МОНГОЛОВ».....	136
Камалов А.К., Сауданбекова Ш.Т. СУЕВЕРИЯ И ОБЫЧАЙ В НАЦИОНАЛЬНОМ МИРОВОЗРЕНИИ КАЗАХОВ И ЯПОНЦЕВ. СЕМИОТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	141
Картаева Т.Е. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ ЗНАЧЕНИЯ ФОТОИСТОЧНИКОВ В ИСТОРИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИИ.....	146
Килыбаева П.К. МЕЖКУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ.....	155
Килыбаева П.К., Нурсултанова Л.Н. ПРОБЛЕМА ВОДНЫХ РЕСУРСОВ В РЕГИОНЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЦИАЛЬНО- ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ.....	163
Кузембаева А.Б., Байкушикова Г.С. К ВОПРОСУ О ВЛИЯНИИ ИЗРАИЛЬСКОГО ЛОББИ В ФОРМИРОВАНИИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОГО КУРСА США.....	172
Кузембай С.А. АБЛАЙ ХАН – СИМВОЛ СВОБОДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА (К ПРОБЛЕМЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»).....	178
Курманбаева К.С. ЖАЛОБЫ-ЗАЯВЛЕНИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК (20-30-ЕГ. XX В.).....	184
Макашева К.Н., Сейдахметова А.А. К ВОПРОСУ ПОЛИТИКИ ЮЖНО-АФРИКАНСКОЙ РЕСПУБЛИКИ В УСЛОВИЯХ АПАРТЕИДА.....	189
Макашева К.Н. КАЗАХСТАН-ФРАНЦИЯ: К ВОПРОСУ О СТРАТЕГИЧЕСКОМ ПАРТНЕРСТВЕ В XXI ВЕКЕ.....	199
Мейрманова Г.А., Жандыбаева С.С. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОЛЕВОЙ ЭТНОГРАФИИ.....	208
Мурзаходжаев К.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ДЖАДИДСКОГО ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	215
Нургазы Д. ФАКТОРЫ, ПОВЛИЯВШИЕ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ ЗИЯТА ШАКАРИМУЛЫ.....	223
Рахимова А.А. ИЗ ИСТОРИИ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ЖЕНСКАЯ ПРОГИМНАЗИИ И ГИМНАЗИИ (1856 – 1917 ГГ.).....	231
Сериккызы А. НАУЧНАЯ И КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ XIX-XX ВЕКА.....	243
Хайрулдаева А. ОТНОШЕНИЯ КАЗАХОВ С ХИВИНСКИМ И КОКАНДСКИМ ХАНСТВАМИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА В ТВОРЧЕСТВЕ ЖЫРАУ.....	249
Хорват В. ВОПРОСЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КУРГАНОВ АРЖАНСКОГО ТИПА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	256

Шалагин А.В.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ ПО ВОПРОСУ ПРОНИКНОВЕНИЯ ХРИСТИАНСТВА В
ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ И В КАЗАХСТАН В IV-XII ВЕКАХ (ПОЗДНЯЯ АНТИКА,
СРЕДНИЕ ВЕКА).....267

CONTENTS

Atygaev N. THE ISLAMIZATION OF MOGHULS (ACCORDING TO MIRZA MUHAMMAD HAIDAR'S «TARIKH-I RASHIDI»)	8
Beysegulova A. NUMBER AND GEOGRAPHICAL LOCATION OF KARACHAY AND BALKAR ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN	16
Beisenov A. SARYARKA - LAND OF ANCIENT CULTURE	25
Beisenov A., Jumabekova G., Bazarbayeva G. THE ART OF THE SARYARKA IN THE SAKA EPOCH	32
Belous G.S. O.A. SHKAPSKY ABOUT AGRARIAN POLICY IN THE KAZAKH STEPPE AT THE END OF XIX – THE BEGINNING OF THE XXTH CENTURIES	37
Dosanova Sh.R. N.A. NAZARBAYEV GENERATOR OF THE IDEA "MANGILIK EL"	50
Dosanova Sh.R. THE NATIONAL IDEA "MANGILIK EL" AND ITS IMPLEMENTATION ON INSTITUTIONAL REFORM	56
Esimova K.Zh. ETHNO-LINGUISTIC PROCESSES IN THE CONDITIONS OF BILING IN THE PERIOD OF GOALINE	60
Esimova K.Zh. CULTURAL-CONDITIONAL CONDITIONS OF LIFE OF THE FIRST CHERRES	74
Zhengis Zh., A. Dyab N. THE ROLE OF IRAN IN RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE GULF COUNTRIES: HISTORICAL ANALYSIS	85
Zhengis Zh., M. Atik Sultan K. SPIRITUAL-CULTURAL INFLUENCE OF IRAN TO KAZAKHSTAN AFTER PURCHASING INDEPENDENCE	91
Iembekova M.O. DIPLOMATIC SETTLEMENT OF THE CONFLICT IN SYRIA AND THE PARTICIPATION OF KAZAKHSTAN	97
Islambekkyzy Zh. SETTLERS IN THE DZHALAGASH REGION OF THE KYZYLORDA IN THE 1960TH YEARS	105
Issova T.L. GEOPOLITICAL MEASUREMENTS OF EURASIANS' IN THE CONDITIONS OF GLOBALIZATION	110
Issova T.L. THE STATES OF NORTH AFRICA AND THE MIDDLE EAST ON THE EVE OF NEW PERIODIC SYSTEM OF THE MODERN INTERNATIONAL RELATIONS	119
Issova T.L. PRIORITY THE DIRECTIONS OF THE KAZAKH-MONGOLIAN RELATIONS IN FOREIGN POLICY	127
Kalemshariv Y. SCIENTISTS THEORIES ON THE TIME OF COMPOSITION OF THE "SECRET HISTORY OF MONGOLS"	136

Kamalov A.K., Saudanbekov Sh.T.	
THE RITUAL CULTURE OF KAZAKH AND JAPANESE IN NATIONAL WOLDVIEWS. SEMIOTIC ANALYZE.....	141
Kartaeva E.T.	
HISTORICAL AND CULTURAL SIGNIFICANCE OF PHOTOGRAPHIC SOURCES IN HISTORICAL RESEARCH.....	146
Kilybaeva P.K.	
INTERCULTURAL DEVELOPMENT IN CENTRAL ASIA AT THE PRESENT STAGE.....	155
Kilybaeva P.K., Nursultanova L.N.	
THE PROBLEM OF WATER RESOURCES IN CENTRAL ASIAN REGION: SOCIO-ECONOMIC ASPECTS.....	163
Kuzembayeva B.A., Baikushikova S.G.	
INFLUENCE OF THE ISRAEL LOBBY IN SHAPING US FOREIGN POLICY.....	172
Kuzembay S.A.	
ABLAI KHAN - A SYMBOL OF FREEDOM OF THE KAZAKH PEOPLE(TO THE PROBLEM OF NATIONAL IDEA "MANGILIK EL").....	178
Kurmanbayeva S.K.	
COMPLAINTS-APPLICATIONS OF POLITICAL REPRESSION AS A HISTORICAL SOURCE(20-30YEARS OF XX CENTURY).....	184
Makasheva N.K., Seidakhmetova A.A.	
TO THE QUESTION OF THE POLICY OF THE SOUTH AFRICAN REPUBLIC IN THE CONDITIONS OF APARTHEID.....	189
Makasheva N.K.	
KAZAKHSTAN-FRANCE: TO A QUESTION OF STRATEGIC PARTNERSHIP IN XXI A CENTURY.....	199
Meirmanova A.G., Zhandibaeva S.S.	
RELEVANCE AGAINST CYBERCRIME.....	208
Murzakhodzhaev M.K.	
HISTORIOGRAPHY OF THE JADID`S MOVEMENT IN KAZAKHSTAN.....	215
Nurgazy D.	
THE FACTORS THAT AFFECTED THE FORMATION OF ZIYAT SHAKARIMULY`S PERSONALITY.....	223
Rakhimova A.A.	
FROM THE HISTORY OF THE SEMIPALATINSK FEMALE PROGYMNASIUM AND GYMNASIUM (1856 – 1917).....	231
Serikqyzy A.	
SCIENTIFIC AND CULTURAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS OF THE XIX-XX CENTURY.....	243
Khairuldaeva A.	
RELATIONS OF THE KAZAKHS WITH THE KHIVA AND KOKAND KHANATES IN THE FIRST HALF OF THE XIX CENTURY IN THE ART OF ZHYRAU.....	249
Horvath V.	
PROBLEMS OF THE RESEARCH OF THE KURGANS OF ARZHAN-TYPE OF CENTRAL ASIA.....	256
Shalagin A.B.	
HISTORICAL SOURCES ON THE PENETRATION OF CHRISTIANITY INTO CENTRAL ASIA AND KAZAKHSTAN IN THE IV-XII CENTURIES (LATE ANTIQUITY, MIDDLE AGES).....	267

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы

2014. 1 (1)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2014.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 22,9.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй